

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ҚАУІПСІЗ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУЫ БОЙЫНША

Нұсқаулық қоғамдық көлікте жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында мектеп жасына дейінгі балалар үшін әзірленді.

1. Аялдаманың, платформаның шетіне жақындауға болмайды.
2. Көлікке кіру және шығу кезінде асығуға, басқа балаларды итеруге болмайды.
3. Көлік қозғалысы кезінде сатыларда тұруға, есіктерге сүйенуге болмайды, мықтап ұстау керек.
4. Көлік қозғалысы кезінде ұйықтауға болмайды.
5. Терезелерден қарауға немесе терезелерден қолды сыртқа шығаруға тыйым салынады.
6. Қозғалыс кезінде сусын ішуге болмайды, тек көлік тоқтаған кезде ішуге болады.
7. Қозғалыс кезінде орындардан тұруға және салонның ішінде жүруге тыйым салынады.
8. Автобуста, троллейбуста немесе трамвайда өрт басталған жағдайда ауызды және мұрынды шарфпен немесе орамалмен жабу қажет, өйткені өрт кезінде көліктегі улы газ өте қауіпті.
9. Төтенше жағдайларда үрейленбей, ересектердің нұсқауларын қатаң түрде орындау қажет.

